

**«Нұр Отан» партиясы атынан №12 Строитель сайлау округі бойынша
Екібастұз қалалық мәслихатына депутаттыққа кандидат
СЕРГЕЙ ВАСИЛЬЕВИЧ ЛЕПЕХИН**

Сергей Васильевич Лепехин 1963 жылы Екібастұз қаласында дүниеге келген. №4 орта мектепті аяқтағаннан кейін «Тау-кен механикасы» мамандығы бойынша тау-кен техникумына түседі. Техникумды тәмамдаған соң Балтық Флотында әскери қызметін өтейді. Жолдастарының арасында зор құрметке ие болып, қолбасшы тарапынан бірнеше мәрте алғыс арқалады. «Тау-кен технология» мамандығы бойынша Мәскеу тау-кен институтында жоғары білім алумен қатар «Шығыс» кенішінде машинист, тау-кен шебері болып жұмыс істеген.

90-шы жылдары болған өндірістің құлдырауы мен жұмыс орындарының тапшылығы кезінде Сергей Лепехин «Техцентр АВЕРС» фирмасын құрып, жастарды көшірме және компьютерлік техникаға қызмет көрсету мен жөндеу жұмысына оқытты. Бүгінгі таңда «Техцентр АВЕРС» ЖШС-і Екібастұз қаласының бейінді компанияларының арасында жетекші орынға ие.

Бос уақытында Сергей Лепехин футбол және теннис сияқты спорт түрлерімен шұғылданады. Балық аулауға әуес. Үйленген, төрт баласы бар.



не көріктендіру, тұрғын үй қорын үлгілендіру және сақтау жөніндегі қалалық бағдарламаларды жүзеге асыруға қатысу;

- денсаулықты қорғау, салауатты өмір салтын насихаттау, азаматтарды спортпен және дене тәрбиесімен шұғылдануға тарту;

- жолдардың алдағы құрылысы мен жөндеу жұмыстары мәселелерін шешу;

- жастарды еңбекпен қамту;

- бюджет қаржысын тиімді жұмсау.

Қымбатты жерлестер!

Сіздердің арқаларыңызда мен ІҮ және Ү шақырылымдардың депутаты болып табыламын. Осы жылдар ішінде көп жұмысты бірігіп тындыра алдық:

- Новоселов, Строительная, Қонаев, Торайғыров, Матросов, Павлодарская және Космонавтов көшелерін асфальттау. Бұқар жырау көшесінің бойындағы шұңқырлар жөнге келтірілді. Қонаев, Бұқар жырау, Целинная көшелері маңындағы орамдардың ішіне жаңа асфальт төселді. Осы көшелердің балдырғандарына арналып екі жаңа алаңша орнатылды;

- Новоселов көшесі ішінара жарықтандырылды;

- Қонаев, 136, Советов, 6а, Абай, 158, Новоселов, 65а, Строительная, 113, Матросов, 12 мекенжайларында жаңа балалар алаңшалары орнатылды;

- мүгедек адамдарға арналған сырғыма баспалдақтар орнату, балалар мен мүгедектерге және әлеуметтік жағынан аз қамтылған азаматтарға көмек көрсету жұмысы жалғасады;

- азаматтардың көптеген коммуналдық мәселелері шешім тауып, спорт пен мәдениетті бұдан әрі дамыту, жастарды жұмыспен қамту жұмысы жүргізілуде.

Алдағы әрекеттерімің бағдарламасы:

- Елбасы Н.Назарбаевтың Дағдарысқа қарсы стратегиясын жүзеге асыруға белсенді қатысу;

- жас отбасыларды баспанамен қамту мәселелерін шешу;

- Екібастұз қаласын көгалдандыру жө-

Өткенге – құрмет, болашаққа – қамқорлық

Екібастұздықтарды ерекшелендіретін бір қасиет бар: олар өз қаласын сүйіп, Екібастұз Қазақстанның ірі энергетикалық орталығы екендігін мақтан етеді!

Мен Екібастұз қаласының тумасымын. Қарапайым жұмысшы отбасында өстім. Барлығымызға талай қиын-қыстау кезеңді бастан кешіруге тура келді. Сол себепті де жас мамандарды жұмыспен қамту ниетімен бейінді кәсіпорын құру туралы шешім қабылдадым. Қазіргі күні біздің ұжымымызда 50-ден астам адам қызмет етеді. Жастарға өз тәжірибем мен білімімді бере отырып, мені өз анам мақтан тұтқаны сияқты, оларды да өз аналары мақтан етсін деп армандаған едім.

Аға буынды лайықты өмірмен қамтамасыз ету және оларды ерен еңбектері үшін құрметтеу – біздің қасиетті парызымыз.

20 наурыз күні өтетін сайлауда сіздердің маған қолдау көрсететіндеріңізге сенім білдіремін. Ортақ күшпен қиындықтарды еңсере алатынымызға сенемін!

Республикалық сайлау қорының қаржысы есебінен төленді.
Шығарылымға жауапты В.Камалитденова